

Бекітемін:
Мектеп директоры м.а.
Мальярова А.М.

29.08.2024ж. *ММ*



Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
Исмагулова А.Б. *Исмагулова*

ӘБ жетекшісі: *Мам*
ӘБ отырысында қаралды
Хаттама №1

«Болашақ абитуриенттің мектебі»

элективті курс

10 сынып

Мұғалім: Камалатдинова М.Ф.

2024-2025 оқу жылы

Обаған ауылы

БОЛАШАҚ АБИТУРИЕНТТІҢ МЕКТЕБІ

10 - сынып

Галиева Н.Л.

Көкпекті орта мектебі, Көкпекті ауданы.

Түсінік хат

Элективті курстың бағдарламасы ҚР «Білім туралы» заңы талабына сәйкес 10-11 сынып оқушыларына физика пәнін базалық деңгейде меңгеруге, физика пәнінен ҰБТ тапсыратын оқушыларға арналып құрылған.

Курс бағдарламасы физика пәнінен орта білім беру мектеп оқушылары мақсатын ескеріп, білім стандарты негізіне сәйкес құрылды.

«Болашақ абитуриенттің мектебі» курсы 68 сағатқа есептелген (аптасына 1 сағаттан 10-11 сыныпта).

Физика пәнінен ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды дайындау талаптары күшейгендіктен қосымша курсты өткізу өте қажет.

Курс бағдарламасы 10-сынып бойынша тапсырмаларды шешу мынадай бөлімдерге бөлінген: «Кинематика», «Динамика», «Сақталу заңы», «Тербеліс және толқындар», «Сұйықтық және газ», «Молекулярлық-кинетикалық теорияның негізі», «Термодинамиканың негізі», «Электростатика», «Электр тоғының тұрақтылығы», «Магниттік өріс».

Курс бағдарламасы 11-сынып бойынша тапсырмаларды шешу мынадай бөлімдерге бөлінген: «Кинематика», «Динамика», «Сақталу заңы», «Молекулярлық-кинетикалық теорияның негізі», «Термодинамиканың негізі», «Электростатика», «Электр тоғының тұрақтылығы», «Магнит өрісі», «Электромагниттік тербеліс», «Алмасу тоғы», «Электромагниттік толқын», «Толқын оптикасы», «СТО элементтері», «Жарық кванты», «Атомдық физика», «Атомдық физиканың ядросы».

Бағдарлама оқушылардың физика пәнінен терең білім алып, ЖОО-да таңдаған мамандығы бойынша кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Бағдарлама оқушылардың әр түрлі қиын тапсырмаларды шешу тәжірибесін қалыптастыруға негізделген. Жүйелі есептерді шешу - оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, шыдамдылыққа, мақсатқа жетуге, еңбекке тәрбиелейді.

Курс түрі - бағдарлық-танымдық, 10-сыныпта – 34 сағатқа негізделген.

Курстың мақсаты: ҰБТ талабына сәйкес физика пәнінен емтиханға дайындық;

-физика пәнінен есептерді шешу арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру;

-курс негізінде білім-білік дағдыларын қалыптастыру;

-оқушылардың оқуға деген құзыреттілігін қалыптастыру.

Курстың міндеті:

-оқушылардың физика пәнінен білімдерін тереңдетіп, тапсырманы дұрыс шешуге үйрету;

-тестік тапсырмаларды шешу техникасын қалыптастыру;

-оқушылардың графиктік, сапалық және экспериментальдық тапсырмаларды шешу дағдысын қалыптастыру;

-өзіне деген сенімі мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

-физика пәнінен ҰБТ-ға дайындау.

Сабақтың формасы: лекция, семинар, әңгімелеу, ұстаз бен оқушылардың белсенді диалогі, есептерді шешу жолдарын тыңғылықты түсіндіру, әр түрлі қиын тапсырмаларды шешу үшін жеке, топтық жұмыс түрлерін жүргізу.

Күтілетін нәтиже: курсты өту арқылы оқушылар базалық және деңгейі жоғары тапсырмаларды шешуге үйренеді, тестік жұмысты шешу жолын біледі. Нәтижеге жетуге, оқу жүйесін жоспарлауға, тестті шешуде уақытты тиімді пайдалануға үйренеді.

Нәтижеге жету формасы:

-Сабақтың басы мен соңындағы тестілеу жұмыстары;

-Мектепішілік және аудандық олимпиада нәтижесі;

-Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға қатысу;

-Қортынды аттестаттауда физика пәнін таңдау.

Тақырыптық жоспар
10- сынып
(аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)

№	Тарау	Сабақтың мазмұны	Өткізу әдісі	Сағат саны
1	Бастапқы тестілеу	7-9 сыныптар бойынша физика курсынан тест тапсырмалары	Тест	1
2	Кинематика негіздері	Теориялық минимум: Түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс, тең айнымалы қозғалыс, Қисық сызықты қозғалыс.	Дәріс	1
3		Есеп шығару: бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру, орташа жылдамдық, түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру үдеуі, денелердің еркін түсу үдеуі.	Есеп шығару семинар-практикумы	1
4		Аралық білім тексеру	Тест	1
5	Динамика негіздері	Теориялық минимум: қозғалыстың заңдары, табиғаттағы күштер (серпімділік күші, үйкеліс күші, ауырлық күші, дененің салмағы, ауырлық күші әрекетінен денелердің қозғалысы, бірнеше күш әрекет ететін денелер қозғалысы	Дәріс	1
6		Есеп шығару: күш, күштің қосындысы, Ньютон заңдары, серпімділік күші, үйкеліс күші, ауырлық күші, дененің салмағы.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
7		Аралық білім тексеру	Тест	1
8	Сақталу заңдары	Теориялық минимум: күш және импульс, импульстың сақталу заңы.	Дәріс	1
9		Есеп шығару: күш және импульс, импульстің сақталу заңы.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
10		Теориялық минимум: ауырлық күшінің жұмысы, серпімділік күшінің жұмысы, үйкеліс күшінің жұмысы, қуат, энергияның сақталу заңы.	Дәріс	1
11		Есеп шығару: күштің жұмысы, ауырлық күшінің жұмысы, үйкеліс күшінің жұмысы, серпімділік күшінің жұмысы, қуат, энергияның сақталу заңы.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
12		Аралық білім тексеру	Тест	1
13	Тербелістер мен толқындар	Теориялық минимум: серіппедегі дененің тербелісі, математикалық және серіппелі маятник, механикалық және электромагниттік толқындар, дыбыстың қасиеттері.	Дәріс	1
14		Есеп шығару: тербелістің жиілігі, периоды, тербелмелі қозғалыстың энергиясы, математикалық және серіппелі маятниктің тербелісінің периоды, тербелмелі дененің	Есеп шығару Семинар практикумы	1

		координата теңдеуі, толқын жылдамдығы.		
15		Аралық білім тексеру	Тест	1
16	Сұйықтық және газдар	Теориялық минимум: қатты денелердің қысымы, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық пресс, атмосфералық қысым, сұйықтар мен газдар үшін Архимед заңы, денелердің жүзу шарттары.	Дәріс	1
17		Есеп шығару: атмосфералық қысым, газдар мен сұйықтар үшін Архимед заңы, қатты денелердің қысымы, қатынас ыдыстар, денелердің жүзу шарттары	Есеп шығару Семинар практикумы	1
18		Аралық білім тексеру	Тест	1
19	Молекулалық физика	Теориялық минимум: газдың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі, газ молекуласының жылдамдығы, газ күйінің теңдеуі, изотермиялық, изохоралық және изобаралық процестер.	Дәріс	1
20		Есеп шығару: газдың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі, газ молекуласының жылдамдығы, газ күйінің теңдеуі, изотермиялық, изохоралық және изобаралық процестер.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
21		Аралық білім тексеру	Тест	1
22	Термодинамика	Теориялық минимум: ішкі энергия, термодинамикадағы жұмыс, термодинамиканың бірінші заңы, термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге қолдану, жылу балансының теңдеуі;	Дәріс	1
23		Есеп шығару: ішкі энергия, термодинамикадағы жұмыс, термодинамиканың бірінші заңы, термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге қолдану.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
24		Аралық білім тексеру	Тест	1
25	Электростатика	Теориялық минимум: Кулон заңы, электр өрісінің кернеулігі, электростатикалық өрістегі өткізгіштер және диэлектриктер, біртекті электростатикалық өрістегі зарядталған дененің потенциалдық энергиясы, потенциал және потенциалдар айырымы, электр сыйымдылық.	Дәріс	1
26		Есеп шығару: Кулон заңы, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электростатикалық өрістегі зарядталған дененің потенциалдық энергиясы, потенциал және потенциалдар айырымы, электр сыйымдылық.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
27		Аралық білім тексеру	Тест	1
28		Теориялық минимум: ток күші, өткізгіштердің кедергісі және меншікті кедергі, тізбек		

	Тұрақты тоқтың заңы	бөлігі үшін Ом заңы, өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу, толық тізбек үшін Ом заңы, тоқтың жұмысы мен қуаты, Джоуль-Ленц заңы, ток көзінің П.Ә.К-і, электролиз заңы.	Дәріс	1
29		Есеп шығару: ток күші, өткізгіштердің кедергісі және меншікті кедергі, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу, толық тізбек үшін Ом заңы, тоқтың жұмысы мен қуаты, Джоуль-Ленц заңы, ток көзінің ПӘК-і, электролиз заңы	Есеп шығару Семинар практикумы	1
30		Аралық білім тексеру	Тест	1
31	Магнит өрісі	Теориялық минимум: магнит өрісі ұғымы, магнит индукциясының векторы, Ампер күші, Лоренц күші, денелердің магниттік қасиеттері.	Дәріс	1
32		Есептер шығару: магнит индукциясының векторы, Ампер күші, Лоренц күші, заттардың магниттік өтімділігі.	Есеп шығару Семинар практикумы	1
33		Аралық білім тексеру	Тест	1
34		Курс бойынша білімнің аралық тексерісі	Компьютерлік тестілеу	1
	Барлығы			34